

**6D020500 –«Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Мүрсәлім Гүлнұр
Оразбекқызының
«Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т.Әбдікәкімұлы,
Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» тақырыбындағы
диссертациясына
ғылыми кеңесшінің**

ШІКІРІ

Еліміз Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, қазақ қаламгерлері өз шығармаларына өзек етіп ұлтымыздың тарихына, фольклоры мен этнографиясына қатысты тақырыптарды алып, біраз дүниені роман түрінде, поэма сипатында, өлең мен драма жанры сынды дүниеге әкеліп үлгерді. Бұл тұрғыда, әсіресе, поэзия мен драматургия айтарлықтай табысқа жетті. Ақындарымыз бен драматургтеріміз ежелгі және ортағасырлық руханиятқа ден қойды. Мифке, мифологияға қатысты дүниелерді тудырып, әдебиет пен өнерімізге, филология ғылымына жаңа леп әкелді. Тың идеялар мен ойлар, соны тақырыптар мен поэтикалық үлгілер ұсынды. Солардың арасында мифология да болды. Мифология туралы ғылыми мақалалар мен зерттеулер дүниеге келді. Бірнеше диссертация жазылып ғылыми айналымға түсіп үлгерді. Бүгінгі күндері қорғауға ұсынылып отырған диссертация ойымыздың айғағы.

Диссертациялық зерттеу қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологиялық сарындарды Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы поэзиясы негізінде қарастыруға арналған. Бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындардың өзгеріске ұшыраған түрлерін іріктеп, ақындардың көркемдік таным әлемін ғылыми тұрғыдан айқындауы, мифтік мотивтердің сакральді және эзотерикалық негіздерін талдауда мифтік сарындарды ұлттық таным мен этникалық болмысты бейнелейтін, ұлттың дәстүрлі мәдениетін, халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін көрсететін әдеби көркемдік тәсіл ретінде қарастырған. Тақырып өте қызықты әрі күрделі. Терминдер кейбір ойларды түйсіну, жас зерттеушілерге қиындау болуы мүмкін. Сондықтан мен сол тарихи экскурс жасамақпын.

Гуманитарлық ғылымдарға XIX-XX ғасырларда үлкен мән беріп филология, тарих, әдебиеттану, өнертану мәдениеттану сияқты салалары өз тараптары тұрғысынан зерттеген білімнің үлкен бір саласы – мифология. Әсіресе, Австралияның, Африканың, Америка мен Азияның байырғы тұрғындарының тарихы мен мәдениетін, этнографиясы мен өнерін зерттеген еңбектердің пайда болуының нәтижесінде мифологияға деген ықылас күрт өсті де архаикалық миф жайында тарихшылар да, әдебиет пен өнерді зерттеушілер де философтар мен этнографтар да саяхатшылар мен журналистер де жазып, миф пен мифология жөніндегі бұрыннан қалыптасқан ежелгі Греция мен Рим мифологиясы туралы ұғым-түсініктерге өзгеріс енгізді. Сөйтіп, бүгінгі таңда әлем мифологиясы өзінің пайда болып, даму барысында

үлкен үш жүйе құрайтыны белгілі болып отыр. Олар мыналар: 1. Адамзаттың ең алғашқы қауымдастығы заманында туған мифтер. Ол кезеңдегі адамдар өзін қоршаған ортадан, жан-жануарлар мен өсімдіктердің, таулар мен өзен-көлдер туралы, аспандағы ай мен күн, жұлдыздар, тағы басқа табиғат құбылыстары жайындағы қарапайым әңгімелер шығарып айтқан. Солардағы оқиғалар мен іс-қимылдарға сенген. Осындай әңгімелерді ғылымда «миф» деп атау орныққан. Бұл жүйе ұзақ өмір сүрген. Оларды жиынтық түрде «мифология» дейді.

2. Ал, екінші жүйе ерте замандағы алғашқы мемлекеттер пайда болған тұста қалыптасқан. Бұл дәуірде бұрынғы майда, жеке-жеке айтылатын мифтер біріктіріліп, мемлекеттің құрылымына сәйкестендіріп, қайта баяндалған, сөйтіп, олар циклденіп жаңа сипатта айтылатын болған. Алғашқы рулық қоғамда дүниеге келген мифтер енді жаңаша түрде түрленген. Циклденген мифтер үлкен мифологиялық жүйеге айналған. Олардағы кейіпкерлер де, олардың іс-әрекеттері де іріленіп мемлекеттің үлгісіне келтірілген. Енді бұрынғы «таудың иесі», «судың иесі», «орманның иесі», «жолдың иесі», «теңіздің иесі» дегендердің орнына «теңіз құдайы», «соғыс құдайы» дейтін тағы басқалар «құдай» деп аталып, статусы биіктеді. Бұл кезеңдердегі мифологиялық циклдену өзгеше, яғни «құдайлық» түрде көрінеді. Бұрынғы әр нәрсенің «рух-иесі» енді «құдайлар» болып өзгереді. Сондықтан бұл жүйе «көп құдайлы мифология» деп аталды.

3. Үшінші жүйе «бір құдайлы мифология» деп аталады. Мұнда жаңа циклдену үдерісі жүріп, ежелгі рух-иені ауыстырған «құдайлар» түгелімен бір құдайлық жүйеге сәйкестеніп жаңаша бағытта дамыды. Енді әр нәрсенің «рух иесі» «құдайы» деген түсініктің орнына әлемді, өлі-тірі табиғатты іс-әрекетті – бәрін бір құдай ғана басқарады.

Міне, біз өте қысқа әрі стадиялық түрде айтып отырғанымыз – жалпы мифология пайда болып, даму тарихы, оның өзгеру жолдары. Бұл ситуация яғни үнемі өзгеру үстінде болатын құбылысы негізгі темірқазық – мифтік шығармадағы кейіпкерлер мен олардың іс-әрекеттері осы тұрғыдан келгенде ғана қазіргі замандағы әдебиетте, өнерде, мәдениетте мифологияның іздерін (сарындарын, көріністерін, мотивтерін, т.б.) зерттегенде ескеретін маңызды мәселелердің бірі – бүгінгі шығармаларда жалпы мифология үш жүйесінің қайсысын іздеу, табу, оның қазіргі шығармада қандай рөл атқарып, қандай мақсатпен пайдаланылып отырғанын, алғашқы мифтік сюжеттің қаншалықты өзгергенін, неге өзгерткенін – міне осылардың бәрін анықтау, талдау ауқымды әрі қиын жұмыс.

Диссертант көп жұмыс істеген, ізденген және мен айтқан істерді жүзеге асыра алған деуге болады. оның үстіне мына бір жәйтті де ескеру керек. Қазақ ақындары мифологияға барғанда көбінесе жаңағы үш жүйенің ең ескісін, яғни рух-иелік мифологияның материалдарын пайдаланады. Рас, кей-кейде «көп құдайлы мифологияға» қатысты образдар мен мотивтерге көңіл аударады. Диссертант осыны да аңғарған және қажетті жерінде орынды ескереді. Бұл жерде мына бір мәселеге көңіл бөлу керек. Қазақ мифологиясы негізінен рух-иелік сипатта болып келеді. Сол себепті зерттеу еңбектер мен тарихи

шығармаларда «рух-иелік» пен «көп құдайлы түсініктер, образдар бірдей, яғни типологиялық дәлел бола бермейді.

Сол себепті ұсынылып отырған диссертацияның жазылуы өте қажетті шаруа. Жұмыстың құрылымы логикалық жағынан өте ұтымды, тараулар мен бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірінен-бірі туындап отырады. Ең әуелі жалпы теориялық мәселелер қарастырылған. Атап айтқанда сөз болып отырған проблемманың басты сипаты мен зерттелуі.

Ең әуелі жалпы поэзиядағы мәселелерді айтпағанда, фольклордағы образдардың бүгінгі поэзиядағы өзгеру жолдары, яғни ерекшеліктерінің трансформациясы. Бұл мәселе бойынша Қорқыт Ата мен Асан қайғы образдарын салыстырып талдаған. Осы тұста диссертант «Өлімнен қашу» мен «Өз жерінен қашу» сияқты әлемдік сюжет циклін қарастырады. Жалпы алғанда бұл тарауда әдебиеттануда маңызды саналатын «әдебиет пен фольклор» проблемасына мән берілген. Сонымен қатар бұл тарауда мифопоэтикалық талдау әдісін жүргізеді. Фольклор кейіпкерлерінің бүгінгі поэзиядағы реминисценциясы, олардың жазба поэзиядағы бейнесін салыстыра зерттеу т.т.

Мұнда I тараудағы үлкен мәселелер нақтыланып, материалдарға көңіл бөлінген. Демек, бұлай болуы тағы да диссертация құрылымы логикаға құрылған. Жалпылықтан нақтылыққа ауысу. Сөйтіп I тарауда айтылған (қарастырылған) проблемалар нақты шығармаларды талдау нәтижесінде өз шешімдерін тапқан және жаңа (соны) тұжырымдары негіз болған. Мысалы: Тыныштықбек Әбдікәкімұлының поэзиясындағы рух пен табиғат бірлігі, мифтік тылсым құбылыстардың көркем түрде түсіндірілуі дағы мәмілелер – рух-иелік мифологияда негізгі заңдылықтардың бірі. («Алғашқы мифологиялық санада «табиғат пен адамның бірлігі» сондықтан мифологиялық сананың екінші деңгейінде осы «бірліктің бұзылуы» секілді ұғымдар, т.б. мифтік түсініктер мен көріністер». Ал, Ұлықбек Есдәулетұлының шығармаларында мифтік ұғымдар таза күйінде емес, тұспалдап айтылуы символды түрде көрінеді. Ұлықбек поэзиясында мифологияның сорабы өткенді еске алу, сағыну формасында көрініс береді де, оның өлеңдері идеологиялық сипатқа ие болады.

Мифология мен поэзияның ара-қатынасы тұрғысынан қарағанда Жанат Әскербекқызының шығармалары өте қызық әрі мәнді материалға бай. Меніңше мұның себебі Жанат әрі ақын, әрі зерттеуші болғандығынан сияқты. Диссертант осы жағдайды жақсы аңғарған. Мұны біз диссертанттың қарастырған проблемаларынан көреміз. Мысалы Жанаттың «Киелі жер» ұғымы жалпыадамзаттық мотив. Айталық біз «жерұйық» дейміз, көптеген жұрт «Шамбала», «Беловодье», «Обетованная земля» деп айтылады. Мысалдың бәрін ескере отырып әр жердің «киелік» қасиетін қазақтың сондай жерлерімен салыстырады, сөйтіп олардың ерекшеліктері шығады. Диссертант бұл мәселелерді түсіне де, талдай да білген.

Диссертант Гүлнұр Оразбекқызы үш мықты ақынның өлеңдерін талдағанда өзінің білімін ғана емес, ақынның ақындық қасиеттерін де түсініп, олардың шеберлік қарым-қабілетін де толық ұғынып, өз дәрежесінде бағалай

алатынын ғалым екендігін көрсете білген. Тыныштықбек те, Ұлықбек те, Жанат та – әрқайсысы жеке бәр әлем, олардың шығармашылығындағы ортақтық пен даралық ерекшеліктерін де диссертант таба алған. Сонымен қатар, ақындардың өзіндік предметі мен принциптерін ұлттың рухани, мәдени, тарихи контекстегі ұғымдардан алшақ емес екенін көрсеткен.

Негізінде, диссертацияда тікелей, жанамалай түрде қарастырылған мәселелер бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Біз олардың бәрін тізіп, санамалаған жоқпыз, тек тақырыбы мен мазмұнына қатысты проблемаларды сөз еттік. Ал енді ойымызды қорыта айтар болсақ, диссертацияның құрылымы орынды ұйымдастырылған. Жұмыс кіріспеден, бір-бірімен логикалық байланысқан екі үлкен тараудан тұрады. Әр тарау зерттелу ерекшелігіне қарай ішкі бөлімдер мен бөлімшелерден тұрады. Осы бөліністердің арқасында өзіне лайықты ғылыми идея мен тарау жүгін көтеріп тұр. Және бүкіл зерттеуді тұтас бір монографиялық сипатта көрсетіп тұр. Және еңбекті түсінуге көмек көрсетіп тұр (мәселен, глоссаридың болуы).

Диссертацияда көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуде автордың жеке үлесі мыналар деп айтуға болады:

– бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындардың қайта жаңғыруы арқылы қазақ халқының ұлттық дүниетанымы мен озық мәдениетінің әлемдік әдебиеттегі үлесін анықтауы;

– Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ұлықбек Есдәулет, Жанат Әскербекқызы поэзиясындағы этникалық дүниетаным ерекшеліктерін зерделеу арқылы мифтік сананың рухани тазаруға бағыттайтын тұстарын жаңартып, тұңғыш рет топономикалық поэзияны ғылыми теориялық тұрғыда зерттеуі;

– этникалық мифопоэтиканың константалары жаңа замандағы жаңару идеясына қайшы келмейтіндігін дәлелдеуі;

– мифтік сарындарды шығармаларына арқау еткен Тыныштықбек Әбдікәкімұлы, Ұлықбек Есдәулет, Жанат Әскербекқызы поэзиясын талдау арқылы фасиха, малиха, сахиха үлгісіндегі соны шығармашылық шеберліктерін айқындауы.

Бұл үш ақынның шығармашылығы өте ауқымды, әрі күрделі. Десек те, ізденуші шығармашылық шеберліктерін шығыс шәйірлерінің классикалық үлгісіне тән қырларымен айқындаумен қатар, әлемдік әдебиеттің постмодернистік, импрессионистік бағыттарының бүгінгі қазақ поэзиясындағы қолданысына назар аударған. Бүгінгі қазақ поэзиясында шығыстық және батыстық поэзия үлгілерінің ақындар Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызының палитрасында жұп-жұмыр үндестік тапқан. Еліміздің Шығыс өңірінің тарихи тұлғалары мен қарапайым халқы, топономикалық атаулары, тұмса табиғаты тылсым әлеммен ұштаса келе поэзиядағы мифтік сюжеттерге ілгеркі қазақ ақындарының шығармаларына негіз болғандығын дәйекті дәлелдермен келтірген.

Диссертациядағы нәтижелердің теориялық маңызы әдебиеттану үшін өте зор. Мәселеге Г.Мүрсәлім мифтік сарындарды ғылыми талдап қана қоймаған, ол ақындардың шеберлігін де зерттеген, сөйтіп талдаған

шығармалардағы тың бейнелер мен көркем суреттеулерді де айқындап алады да бағамдап отырады.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-зерттеу нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптарға сай. Тараулар арасында құрылымдық және логикалық байланыс сақталған. Диссертант ғылыми жұмыста қойылған мақсат мен міндеттерін толықтай орындаған және жұмыстың нәтижелерінің ғылыми теориялық, практикалық маңызы жоғары.

Диссертация «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызы «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)» атты еңбегі үшін 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Фольклортану бөлімінің
бас ғылыми қызметкері, профессор,
филология ғылымдарының докторы,
академик**



Қасқабасов С.А.

С.А. Қасқабасовтың қолын
растаймын к/б. аға инспекторы
«12» 07 2019 ж. Подпись *С.А.*